

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS  
of the XX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025  
Астана**

УДК 001(06)  
ББК 72я631  
F96

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың  
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная  
научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for  
students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:  
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас  
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті  
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young  
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник  
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по  
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)  
ББК 72я431  
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2025

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.1 МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ,  
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

---

1470.	Асылбекова А.А.	Правовое регулирование искусственного интеллекта: зарубежный опыт и перспективы для Казахстана	6308
1471.	Аширбекова А.Б.	Қазақстан Республикасында Ұлттық алдын алу тетігі жүйесі	6314
1472.	Амирова Б.К.	Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы заңнамасының тарихи эволюциясы	6316
1473.	Бейбітұова І.Б.	Медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігі	6319
1474.	Байтерекова К.Б., Ескендерова Г.Т.	Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қазіргі жағдайы	6323
1475.	Егежанова Д.Р.	О влиянии нормативной практики Верховного суда Республики Казахстан на административное судопроизводство	6326
1476.	Есентемирова А.М.	Некоторые вопросы становления законодательства о высшем и послевузовском образовании в Республике Казахстан	6330
1477.	Еркін Ә.	Коррупция и правовые методы борьбы с ней	6340
1478.	Жармаханбетова Б.А.	Права коренных народов и недропользование: проблемы соблюдения и защиты прав при добыче природных ресурсов на их территориях	6345
1479.	Жолдасбек М.Б.	Қазақстан Республикасындағы Конституциялық реформа: өзгерістерді талдау және олардың құқықтық жүйеге әсері	6348
1480.	Жеңіс Е.Е.	Салық заңнамасын жетілдіру мәселелері	6353
1481.	Жанаев Е.А.	Роль морали в правовых решениях и законодательных актах	6357
1482.	Кажтай А.Н.	Қауіпті құқықбұзушылықтардың қоғамға әсері	6360
1483.	Карсибек С.А.	ҚР Алқабилер сотының құқықтық жағдайы және шетел мемлекеттерімен салыстырмалық ерекшеліктері	6364
1484.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6367
1485.	Кошкенбек Б.Б.	Шетелде оқыту бағдарламаларын құқықтық реттелуі	6371
1486.	Қалыбаева А.Ә.	Қазақстандағы жаза қолданудың құқықтық санаға әсері	6377
1487.	Қалқазбек Н.Е.	Қазіргі заманғы құқық саласының өзекті мәселелері мен даму перспективалары	6380
1488.	Маликов Ж.Н.	Қазақстан Республикасының Конституциялық сот институтының қалыптасуы және қызметі	6383

1489.	Маратов А.Б.	Роль юристов защиты прав юридических лиц	6385
1490.	Отыншиева Г.	Құқықтық сана және мәдениеттің арақатынасы	6387
1491.	Роман К.Д.	Законодательные основы обеспечения информационной безопасности детей в Казахстане: вызовы цифровой эпохи	6390
1492.	Сұңғатов С.С.	Цифрландырудың азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыруға тигізетін ықпалы	6392
1493.	Салиханов А.Б.	Социальные барьеры реинтеграции бывших заключённых в Казахстане: причины стигматизации и пути преодоления	6396
1494.	Турегелдиев Б.У.	Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларының құқықтық алаңдағы ықпалы	6402
1495.	Тәуірғалиева А.Б.	Киберқауіпсіздік: қылмыстардың алдын алу және заңнамалық шаралар	6405
1496.	Табанова Ж.А.	Защита прав женщин: международный аспект	6409
1497.	Тәжі Ә.Т.	Цифровизация прав граждан РК	6413
1498.	Тигай Б.А.	Проблемы налогового правоприменения в РК	6415
1499.	Шоманова К., Ясинова Д.	Адам құқықтарының қорғалуы және заңнамалық реттелуі	6423
1500.	Ібіжан Г.Ә.	Проблемы организации правовой помощи детям с ограниченными возможностями здоровья	6427
1501.	Yagmussova A.F.	The concept and types of social guarantees and the grounds for their provision under labor legislation	6431

#### **СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.2 АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

1502.	Алмагамбетов М.	Кәсіпкерлердің құқықтары мен оның қорғалуы	6436
1503.	Булатова Л.Б.	Жасанды интеллектпен жасалған туындылардың құқықтық мәртебесі	6440
1504.	Ибрашев А.М.	Искусственный интеллект в трудовом праве: перспективы, риски и возможности	6443
1505.	Искаков Р.А.	Правовая природа договора о государственных закупках товаров в Республике Казахстан	6446
1506.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6452
1507.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен	6456

		өзекті мәселелер	
1508.	Нургалиева М.Е.	Трудовые права женщин и равенство на рабочем месте. Дискриминация как барьер для экономического прогресса	6459
1509.	Рустами-Кадырбекова Ж.	Ретроспективный анализ правового регулирования в области социального обеспечения	6464
1510.	Сураганова Д.Д.	Правовое регулирование игорного бизнеса в Республике Казахстан	6468
1511.	Третьяк М.В.	Тенденция к сокращению рабочего времени в развитых странах: баланс между производительностью и качеством жизни	6471
1512.	Третьякова Ж.В.	К вопросу имущественных правоотношений родителей и детей по законодательству Республики Беларусь	6475
1513.	Тыныбек кызы А.	Гибкие формы занятости в Казахстане и Кыргызстане: правовое регулирование дистанционной работы и самозанятости	6478
1514.	Тюлегенова А.А.	Правовые аспекты использования земли	6481

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.3 ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТҮЛҒАНЫҢ, ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ МЕХАНИЗМІ РЕТІНДЕ**

1515.	Азенова С.Р.	Сот сараптамасын тағайындау мен жүргізу: қылмыстық процестегі маңызы және жетілдіру жолдары	6485
1516.	Абдықадыр А.Б.	Қылмыстық әділет жүйесіндегі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект	6488
1517.	Байносерова А.Г.	Қолжазба сараптамасы дәлелдеу құралы ретінде: жаңа әдістер мен шешілмеген мәселелер	6495
1518.	Бахыт І.Б.	Уголовное судопроизводство как механизм защиты интересов личности, общества и государства	6500
1519.	Жакишева Д.К.	Арнайы білім және оларды қылмыстарды тергеу кезінде қолдану нысандары	6504
1520.	Жұмадулла Қ.Ф.	Жасанды интеллект пен криминалистика: қылмысты ашудағы жаңа дәуір	6508
1521.	Маратова А.М.	Понятие судебно-биологической экспертизы и ее значение для установления обстоятельств уголовного дела	6510
1522.	Шариф М.Қ.	Психологиялық портретті құру: сот сараптамасында қолдану тәжірибесі	6514
1523.	Жунусов Д.С.	Совершенствование качества судебных экспертиз: организационно-правовой подход	6517
1524.	Khamidullina R.	Jury Trials in the Criminal Justice System: A Comparative Analysis of the U.S. And	6520

		Kazakhstan Models	
1525.	Киікбай Б.С.	Онлайн алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылықтарын тергеп-тексерудің өзекті мәселелері	6523
1526.	Салимжуаров Г.Ф.	Перспективы использования искусственного интеллекта в производстве судебных экспертиз	6528
1527.	Серіктай Н.Ө.	Тергеушінің жеке басының кәсіби-психологиялық сипаттамасы	6531

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.4 ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМА: ЗАМАНАУИ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

1528.	Адильхан Х.Б.	Қылмыс пен жазаның психологиялық қырлары: кінә және жауапкершілік сезімі	6536
1529.	Арзанбекова К.Қ.	Геноцид және оның халықаралық құқықтағы орны	6538
1530.	Ахметжанова А.А.	Правовое обеспечение информационной безопасности Республики Казахстан: вызовы и перспективы	6540
1531.	Айзак А.Ж.	Әлеуметтік факторлар мен экономикалық қысымның қылмысқа ықпалы	6544
1532.	Әжібекова А.Е.	ҚР жасөспірімдер арасындағы буллингке қарсы шаралар мен шетелдік тәжірибе	6546
1533.	Болатбекова А.А.	Қылмыс пен жазаның қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ықпалы	6552
1534.	Бөлебай А.Б.	Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу мәселелері	6555
1535.	Дүйсен Қ.А.	Адам саудасының құрбандарын анықтау және қорғау механизмдері	6563
1536.	Карсибек С.А.	Жыныстық қолсұғылмаулыққа қарсы жасалған қылмыстардың латенттілігі: себептері және шешу жолдары	6566
1537.	Кенеспек Д.М.	Қазақстан Республикасындағы қылмыстардың қайталану себептері мен алдын алу жолдары	6569
1538.	Кийкбай Н.К.	Жалған ақпарат тарату және оның қылмыстық-құқықтық салдарлары: ақпараттық кеңістікте қауіпсіздік пен жауапкершілік мәселелері	6572
1539.	Кожанова Д.Р.	Реформа уголовного законодательства Республики Казахстан: анализ реализации положений концепции УК 2014 года через призму десятилетнего опыта	6575
1540.	Көбейсін Ө.Т.	Кінә мен оның қос нысаны: қазіргі қылмыстық құқықтағы ерекшеліктер мен проблемалар	6578
1541.	Койчубекова А.А.	Уголовная ответственность за	6580

		насильственные действия сексуального характера	
1542.	Қабдылова А.Қ.	Кибербуллингтың алдын алудың құқықтық мәселелері	6585
1543.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6590
1544.	Орынбай Ш.А.	Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі	6593
1545.	Сайлаубек М.Ж.	Қылмыстық құқықтағы өзін-өзі қорғау шегінің әлеуметтік және құқықтық аспектілері	6597
1546.	Төрехан А.Ә.	Тұрмыстық зорлық-зомбылық; қылмыстық жауаптылық және әділ жаза тағайындау мәселелері	6600
1547.	Тюлегенова А.А., Куатова Р.Е.	Совершествование превентивных мер в рамках реализации антикоррупционной политики в РК	6607

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.5 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚ: ЖАҢА ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР ТЕГЕУРІНДЕРІ**

1548.	Алиев Е.	Правовое регулирование международных железнодорожных перевозок в Республике Казахстан	6611
1549.	Аршабаева Р.С.	Заманауи құлдықпен күрестегі халықаралық құқықтың тиімділігі мен мәселелері	6616
1550.	Данияр Ә.А.	Роль международных организаций в урегулировании вооруженных конфликтов	6620
1551.	Кабдрахманов А.Е.	Анализ правового регулирования защиты прав трудовых мигрантов: опыт Казахстана и России в контексте международных стандартов	6626
1552.	Qodirova T.R.	The role of the United Nations High Commissioner for refugees in protecting refugee rights	6631
1553.	Медетова М.Б.	Азаматтық авиациядағы алғашқы халықаралық қауіпсіздік стандарттары: пайда болу және тарихи негіздері	6634
1554.	Мыктыбаева Д.А.	Регулирование вопросов трудовой деятельности трудящихся-мигрантов в международных соглашениях Республики Казахстан	6640
1555.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6645
1556.	Рублевский А.А.	Этическая дилемма статуса эмбриона	6648
1557.	Тулеген А.С.	Правовые проблемы назначения и исполнения наказания в деятельности международных уголовных трибуналах ad hoc	6652

**10.6 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ АРБИТРАЖ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ  
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ**

1558.	Акынов Д.М.	Правовые механизмы обеспечения исполнения обязательств государствами-членами ЕАЭС	6657
1559.	Ануарбек А.	Применение блокчейн-технологий в международном коммерческом арбитраже: правовые вызовы и перспективы	6661
1560.	Жаксылыков К.К.	Особенности правового регулирования отношений, возникающих из международного договора купли-продажи товаров	6665
1561.	Каримова Ф.Х.	Защита персональных данных в международном частном праве	6669
1562.	Мирзоева М.М.	К вопросу о сущности деловой репутации	6675
1563.	Раджабов М.Д.	Трудовые права иностранных граждан в международном частном праве	6679

**10.7 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ**

1564.	Ануарбек А.	Международное экологическое правосудие: теоретические основы и практические аспекты	6683
1565.	Burieva M.S.	The role of international organizations in regulating the use of water resources of transboundary rivers and lakes	6687
1566.	Nasreddinzoda N.	The role of regional organizations in achieving the SDGs: international legal aspects	6691
1567.	Шалгымбаева А.Н.	Комиссия международного права ООН: регулирование экологических аспектов вооруженных конфликтов	6693

**СЕКЦИЯ 11****АРХИТЕКТУРА И СТРОИТЕЛЬСТВО****ПОДСЕКЦИЯ 11.1 СТРОИТЕЛЬСТВО**

1568.	Аманжолова Ш.Ф.	Қарқынды құрылыс жағдайындағы Астана қаласының жер асты сулары деңгейінің өзгерісін болжау	6698
1569.	Батирбекова А.Т.	Численное моделирование работы стены в грунте с распорной системой в условиях плотной застройки	6702
1570.	Бекетов Д.Н.	Энергоэффективность в строительстве: симуляция влияния ориентации зданий на потреблении энергии в Астане	6707

Қазіргі заманғы бандитизмнің ықпалын жою және құқықтық тәртіпті нығайту үшін кешенді шаралар қажет. Құқықтық білімді арттыру, қылмыстық өмір салтын насихаттаудың зиянын түсіндіру және әлеуметтік интеграция бағдарламалары арқылы бұрынғы сотталғандарды қайта қоғамға қосу маңызды. Бұл шаралар жастар арасында оң құндылықтарды қалыптастыруға, жұмыссыздықты азайтуға және әлеуметтік бейімдеуді қолдауға бағытталған. Сонымен қатар, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар бірігіп, әлеуметтік теңсіздікті жою және құқықтық мәдениетті жақсарту үшін үздіксіз жұмыс жасауы қажет.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. БАНДИТИЗМ КАК ФОРМА ПРОЯВЛЕНИЯ ПРЕСТУПНОСТИ. Тарасюк А.А. <https://cyberleninka.ru/article/n/banditizm-kak-forma-proyavleniya-prestupnosti/pdf>
2. ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ БАНДИТИЗМА Лисенкова Н.А. <https://cyberleninka.ru/article/n/istoriya-razvitiya-banditizma/pdf>
3. Titus агентство гражданской журналистики: “Тюрьма Halden Prison – философия по-скандинавски стоимостью в 1 миллион долларов” <https://titus.kz/?previd=18091>
4. РСФСР Қылмыстық кодексі, 1922 жыл. [https://nnov.hse.ru/ba/law/igpr/sov\\_gos/ugkod\\_22](https://nnov.hse.ru/ba/law/igpr/sov_gos/ugkod_22)
5. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі, 2014 жыл. [https://www.unodc.org/uploads/icsant/documents/Legislation/Kazakhstan/1\\_i.pdf](https://www.unodc.org/uploads/icsant/documents/Legislation/Kazakhstan/1_i.pdf)

ӘОК 343.195

### ҚР АЛҚАБИЛЕР СОТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІМЕН САЛЫСТЫРМАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Карсибек Сандуғаш Алиқызы**  
**@karsibek.sanduash@mail.ru**

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті 2 курс,  
«Құқықтану» мамандығының студенті,  
Ғылыми жетекші – заң ғылымдарының докторы  
Ибрагимов Жамаладен Ибрагимович*

Алқабилер соты-демократиялық режимді елдерге тән болып келетін сот жүйесінің институты. Алқаби - соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматы. [1,1] Алқабилер соты кездойсоқ жағдайда таңдалған адамдардан тұратын, көбінесе аса ауыр қылмыстарды қарау мақсатында құрылатын сот жүйесінің институты болып табылады. Алқабилер соты – бұл қылмыстық іс бойынша шешім қабылдау процесіне қатысатын азаматтардың белгілі бір тобы, яғни алқабилердің қатысуы арқылы жүзеге асырылатын әділет жүйесінің бір формасы болып табылады. Қазақстанда бұл институтты енгізу құқықтық реформалардың маңызды кезеңдерінің бірі болды, себебі ол әділсоттың ашықтығын және демократиялық сипатын күшейтуді мақсат етті. Алқабилер соты әлемнің көптеген елдерінде, әсіресе батыс демократияларында қолданылады. Осы мақалада Қазақстандағы алқабилер сотының құқықтық мәртебесі мен қызметі және оның шетел мемлекеттеріндегі тәжірибелерімен салыстырмалық ерекшеліктері қарастырылады және Қазақстанада алқабилердің қатысуымен болған сот істері талқыланылады.

Алқабилер сотын демократиялық режимге ие елдер көп қолданады және де демократияның дамуына ықпалы орасан зор тиетін институт. Алқабилер соты бір емес бірнеше адамдардан тұрады және олар көбіне аса ауыр қылмыстық істерді қарап, шешімді дауыс беру нәтижесінде қабылдайды. Демократиялық мемлекеттерде дауыс беру арқылы шешім қабылдау ерекше маңыздылыққа ие. Себебі демократияда халық дауыс беру арқылы өз өкілдерін сайлайды. Алқабилер сотындағы дауыс процесі кезінде көпшіліктің дауысын ескере отырып, демократияға қадам жасап отырады. Ал судья жалғыз өзі құқықбұзышылықтарға мемлекет атынан шешім шығарса, көпшіліктің ойы ескерілмеуі мүмкін, бірақ та судья тек заңның айналасында шешім шығаратынын ескерсек, аса ауыр қылмыстарды даулы сәттерде санкциялау жалғыз судьяның хал-ахуалына ауыр әсер ететінін көреміз. Яғни, алқабилер соты аса ауыр қылмыстарды қарап, дауды демократиялық жолмен шешуге көмектесетін және тәуелсіз сот жүйесін қалыптастырудың негізгі алғышарты болып табылатынын көре аламыз. Қоғамда резонанс тудыратын қылмыстық істер кездесіп жатады. Оған дәлел 2023 жылдың қараша айында азамат Қ өз әйелі азаматша С-ны өлтірді деген айыппен экс-министрдің қамаққа алынуын келтірсек болады. Бұл тәжірибе біздің елімізде үлкен резонанс тудырып қана қоймай, алқабилердің қатысуымен халық алдында өткен үлкен сот отырысы болды. Осы оқиғаға қарап Қазақстандағы алқабилер сотының құқықтық жағдайына баға бере аламыз.

Қазақстандағы алқабилер сотының құқықтық жағдайы.[2,12]

Қазақстанда алқабилер соты 2006 жылы енгізілді. 2007 жылы күшіне енген «Алқабилер туралы» заң алқабилердің қызметін нақты реттейді. Алқабилер соты қылмыстық істерді қарауға қатысады, әсіресе ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша. Алқабилер 10-нан 12 адамға дейінгі топтан тұрады және олар айыпталушының кінәлі немесе кінәсіз екенін анықтайды.

Алқабилердің негізгі міндеті — соттың тәуелсіздігін қамтамасыз ету және сот процесінің әділдігін қорғау. Қазақстанда алқабилер соты судьямен бірлесіп жұмыс істейді. Алқабилер тек кінә мәселесін шешсе, судья жазаны тағайындауға жауапты. Бұл жүйе аралас деп аталады және судьяның рөлі шешуші болып қала береді. Алқабилердің шешімі кеңесуге негізделген және олар дауыс беру арқылы шешім қабылдайды. Қазақстанның Конституциясы мен Қылмыстық іс жүргізу кодексі алқабилердің құқықтарын және міндеттерін нақты реттейді. Алқабилерді іріктеу және олардың құқықтары. Қазақстанда алқабилерді іріктеу процесі бірнеше кезеңнен тұрады. Алқабилер болуға кандидаттар жергілікті тұрғындар арасынан іріктеледі, және олардың жасы 25-тен асқан болуы керек. Алқабилерге қойылатын негізгі талаптар — азаматтық құқықтарды пайдалану, сотталмаған болу, мемлекеттік тілді білу және жоғары білімнің болуы.

Алқабилер сотының құқықтық мәртебесіне қатысты олардың сот процесіне тәуелсіз қатысатыны ерекше рөл атқарады. Олар өздерінің шешімін тек дәлелдемелер мен заңға негізделіп қабылдайды және ешқандай қысымға, әсіресе мемлекеттік органдар тарапынан қысымға ұшырамауы керек. Алқабилердің қызметі үшін қаржылық сыйақы қарастырылған, бірақ олардың бұл қызметі қоғамдық парыз деп есептеледі.

Жалпы Қазақстандағы алқабилердің қалай құрылатыны және қалай жұмыс жасайтыны түсінікті. Бірақ та алқабилер сотын шетелдік мемлекеттердің жүйесінде қарайтын болсақ, кем кетіктері жетіп артылады.

Шетелдегі алқабилер сотының құрылы мен құқықтық жағдайы [3,4]

Әлемнің көптеген елдерінде алқабилер сотының тарихы терең және әр түрлі құқықтық жүйелерде ерекшеленеді. Мақалада салыстырылатын елдер: АҚШ, Ұлыбритания. Бұл мемлекеттердің құқықтық жүйесі англо-саксондық болса да, осы мемлекеттермен салыстыру қажет. Себебі АҚШ және Ұлыбритания елдеріндегі алқабилердің құқықтық жағдайы Қазақстанға қарағанда жақсырақ екені мәлім

АҚШ еліндегі алқабилер соты [4]

АҚШ-та XVIII ғасырдар болған ең дүбірлі құқықтық өзгеріс ол-Құқықтық Билльдің қабылдануы болды. Сол құқықтық Билль АҚШ Конституциясына өзгеріс енгізді. Нақты айтсақ;

- 6-шы түзету Қылмыстық істерде алқабилердің қатысуы
- Азаматтық істер бойынша алқабилердің құқықтарын қарастырады

АҚШ-та алқабилер соты құқықтық жүйенің негізгі бөлігі болып саналады. Бұл елде алқабилердің қатысуымен қылмыстық істердің үлкен бөлігі қаралады, ал азаматтық істерде де алқабилердің қатысуы мүмкін. Алқабилер қылмыстық істерде тек қана кінәні анықтауға жауапты емес, сондай-ақ жазаны да анықтайды. Алқабилерді іріктеу процесі мұқият жүргізіледі және әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдері қатыса алады. АҚШ-та алқабилердің тәуелсіздігі ерекше рөлге ие, бұл олардың шешіміне араласуға заңмен тыйым салынады.

АҚШ-та алқабилерді іріктеу және құрудың 2 әдісі бар;

- Кездейсоқ іріктеу

- Іріктеу кезінде айыптаушы мен қорғаушы алқабилерге сұрақтар қою арқылы олардың бейтараптығына көз жеткізеді. Ал қарсы тарап таңдап алынған алқабиді қабылдамауға құқығы бар.

Ұлыбритания еліндегі алқабилер соты[5,1]

Ұлыбританияда алқабилер соты ағылшын құқықтық жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Алқабилердің рөлі АҚШ-пен ұқсас: олар қылмыстық істер бойынша кінәлі немесе кінәсіз екендігін анықтайды, ал сот үкімі судья тарапынан шығарылып, алқабилердің шешіміне негізделеді. Алқабилерді іріктеу процесі Ұлыбританияда өте ашық, және іріктеу кезінде әлеуметтік немесе этникалық теңгерім сақталуы маңызды.

Ұлыбританияда алқабилерді іріктеу кездейсоқ таңдау әдісімен жүзеге асырылады. 18-ден 70 жасқа дейінгі кез келген британдық азамат алқабиді ретінде шақырылуы мүмкін. Алқабилердің тізімі сайлаушылардың тізімінен алынады, бұл жүйенің әділ әрі ашық болуын қамтамасыз етеді.

Алқабилерге қойылатын талаптар:

- Жасы 18-70 аралығында болуы;
- Британ азаматтығының болуы;
- Сотталмаған болуы (кейбір қылмыстар бойынша соттылық алқабиді болуға кедергі болуы мүмкін).

Іріктеу кезінде кейбір азаматтар алқабилер қызметінен босатылуы мүмкін. Мысалы, денсаулық жағдайына байланысты, құқық қорғау органдарының қызметкерлері немесе судьялар алқабиді болудан босатылуы мүмкін.

Германия еліндегі алқабилер соты[6,1]

Германияда алқабилер соты жоқ, бірақ оған ұқсас «шефендер» институты бар. Бұл жүйеде кәсіби судьялар мен қарапайым азаматтар бірігіп жұмыс істейді. Шефендер азаматтардың құқықтық білімін талап етпейді, бірақ олар маңызды шешімдер қабылдауда кәсіби судьялармен тең дәрежеде дауыс береді. Германияның бұл жүйесі алқабилер сотының басқа елдердегі нұсқаларынан ерекшеленеді, себебі ол аралас түрде жүзеге асырылады және азаматтар мен кәсіби судьялар бірлесіп жұмыс істейді.

Салыстырмалық талдау

Қазақстандағы алқабилер сотының шетелдік тәжірибелермен салыстыруы бірқатар ерекшеліктерді көрсетеді. АҚШ және Ұлыбритания сияқты елдерде алқабилердің рөлі анағұрлым кең және олардың шешімдері сот процесінің соңғы нүктесі ретінде қабылданады. Қазақстанда болса, алқабилер тек кінәлі немесе кінәсіз деген шешім қабылдап, жазаны тағайындау судьяның құзыретінде қалады. Германияның шефендер жүйесі болса, Қазақстандағы аралас жүйеге ұқсас, бірақ ол кәсіби судьялар мен азаматтардың бірдей құқықта жұмыс істеуіне негізделеді. Қазақстанда алқабилер соты жүйесі жаңа болғандықтан, оның құқықтық жүйедегі рөлі әлі де қалыптасу кезеңінде. Шетелдік тәжірибелер көрсеткендей, алқабилердің сот процесіндегі тәуелсіздігі мен шешімдерінің түпкілікті мәртебесі қылмыстық әділсот жүйесінің сенімділігін арттыруда маңызды фактор болып

табылады. Салыстыра келе, Қазақстандағы алқабилер сотының жүйесі нағыз алқабилер сотының жүйесіне ұқсамайды. Германиядағы “шефендерге” ұқсайды. Себебі алқабилермен қосылып шешім шығаратын судья міндетті түрде сотқа қатысып, судьяның өзі де дауыс береді.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы алқабилер сотының жүйесі шетелдік жүйеден әлдеқайда алшақ және шетел түсінігіндегі алқабилердің шаңына да жуымайды. Алқабилер соты қоғамда әділеттілікті орнатуға, демократияны орнатуға мүмкіндік беретін жалғыз жүйе. Қазақстандағы алқабилердің құқықтық жағдайын реттеу арқылы демократияға жол ашамыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Алқабилер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2006 ж, 16 қаңтар <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000121>
2. Ибраева А. С. «Қазақстан Республикасындағы алқабилер сотының құқықтық мәртебесі». – Астана, 2022. <http://www.elibrary.kz>
3. Jury Systems Around the World. Comparative Studies in Law and Policy. – Cambridge University Press, 2019. <https://scholarship.law.cornell.edu/facpub/305/>
4. Американдық құқықтық жүйе. (The American Legal System). – Вашингтон, 2018. [https://www.academia.edu/25093355/An\\_introduction\\_to\\_the\\_American\\_legal\\_system](https://www.academia.edu/25093355/An_introduction_to_the_American_legal_system)
5. Уильямс Д. «Англо-саксондық құқықтық жүйе». – Лондон, 2017. <https://stud.kz/referat/show/78688?ysclid=m4jps1twpo43057459>
6. Германия Федеративтік Республикасының Қылмыстық соты мен шефендер жүйесі туралы құқықтық актілер. [https://www.sud.gov.kz/sites/default/files/upk\\_0.pdf](https://www.sud.gov.kz/sites/default/files/upk_0.pdf)

**УДК 3401**

### **ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУҚАТ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ӨРКЕНДЕУІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

**Көбеген Алмат Маратұлы**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті*

*[Almatkobegenovvv@gmail.com](mailto:Almatkobegenovvv@gmail.com)*

*Ғылыми жетекшісі - з.ғ.д., профессор*

*Ибрагимов Жамаладен Ибрагимович*

Бақыт – бұл адамның өз өміріне риза болатын сәттер болып есептеледі. Бақыт әрбір жанның өміріндегі ең маңызды ұғымдардың бірі. Адам бақытты болған сәтте оның физикалық, психикалық және эмоционалды денсаулығы жоғарғы деңгейде болады. Сонымен қатар бақыт сәтінде адамның жаңа істермен айналысуға интасы ашылатыны белгілі. Бұл қоғам үшін және мемлекет үшін өте маңызды болып табылады. Алайда, оны мемлекет мақсаттарының бір қатарына қосу туралы ой тек соңғы жылдары ғана өзекті бола бастады. Бақыт министрлігін құру туралы ұсыныс қоғамның әл-ауқатын тек қана экономикалық көрсеткіштер арқылы ғана емес, жалпы адамның өмір сүру сапасын және жаңа мүмкіндіктерге жолашуына бағыттаралады.

Бақыт министрлігі – мемлекет тарапынан халықтың жалпы өмір сүру сапасын арттыруға арналған арнайы үкіметтік орган. Бұл министрлік қоғамның экономикалық, әлеуметтік, мәдени және рухани дамуын тепе-тең ұстай отырып, қоғамда туындаған адам өмірде туындаған мәселелермен терең жұмыс жасайды. Қоғамның бақытты болуына бірнеше нақты факторлар әсер етеді. Бұл факторларға:

- Денсаулық факторы